

## **Сенім білдірілген адамдардың тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 29 наурыздағы № 5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 наурызда № 27340 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 210-1-бабының 10-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған сенім білдірілген адамдардың тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Экономикалық шоғырлану және мемлекеттік кәсіпорындарды бақылау департаменті (бұдан әрі – Агенттік) заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз ету:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Агенттіктің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

*С. Жумангарин*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Бәсекелестікті қорғау және  
дамыту агенттігінің Төрағасы  
2022 жылғы 29 наурыздағы  
№ 5 бұйрығымен  
бекітілген

## **Сенім білдірілген адамдардың тізілімін жүргізу қағидалары**

### **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы сенім білдірілген адамдардың тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 210-1-бабының 10-тармағына сәйкес әзірленді және сенім білдірілген адамдардың тізілімін жүргізу (енгізу және алып тастау) тәртібін айқындайды (бұдан әрі – Тізілім).

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) сенім білдірілген адам – экономикалық шоғырланудың нысанасы болып табылатын мәселелер бойынша арнайы ғылыми немесе практикалық білімі бар адам;

2) кандидат – кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестігі тізілімге енгізу үшін ұсынатын, адам.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалған.

## **2 тарау. Сенім білдірілген адамдардың тізілімін жүргізу тәртібі**

4. Монополияға қарсы орган осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тізілімді қалыптастырады және жүргізеді.

5. Тізілімге кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері ұсынатын кандидаттар енгізіледі.

6. Кәсіпкерлік субъектілері бірлестігі Тізілімге енгізу үшін монополияға қарсы органға мынадай құжаттарды жолдайды:

1) кандидатты Тізілімге енгізу туралы ұсыныс;

2) кандидаттың Тізілімге енгізуге жазбаша келісімі;

3) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) қызметтік тізімі (кандидаттың білімі, жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі).

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 21.06.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Сенім білдірілген адамды Тізілімнен шығару үшін оның Кодекстің 210-1-бабының талаптарын бұзуы негіз болып табылады.

8. Сенім білдірілген адамдарды Тізілімге (Тізілімнен) енгізу (алып тастау) туралы шешім монополияға қарсы орган басшысының не оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен монополияға қарсы органға кандидатты Тізілімге енгізу туралы ұсыным не сенім білдірілген тұлғаның Кодекстің 210-1-бабының талаптарын бұзғаны туралы мәліметтер келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей ресімделеді.

9. Сенім білдірілген адамды Тізілімге (Тізілімнен) енгізу (алып тастау) туралы ақпарат тиісті шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей осы тұлғаға жолданады.

10. Тізілім монополияға қарсы органның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

Сенім білдірілген

### Сенім білдірілген адамдардың тізілімі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 21.06.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Тегі, аты, әкесінің аты ( ол болған кезде)	Қызметтік тізімі ( кандидаттың білімі, жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі )	Сенім білдірілген адамның жұмыс орны
1	2	3	4